

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім
бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Елек негізгі орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кезектен тыс қамқоршылық
кеңесінің
№3 хаттамасы**

28-мамыр 2024 ж.

Елек ауылы

Қатысқандар саны - 7 адам

Шақырылғандар: -7 (өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері)

КҮН ТӘРТІБІ

1.«Елек негізгі орта мектебі» КММ директорының м.а. М.Ә.Байғазының мектепте өзін - өзі бағалау жұмысын жүргізу қорытындысы туралы есебін тыңдау.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. С.Н.Каналин- қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Бүгінгі күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша таныстырып, Елек негізгі орта мектебінде 2024 жылдың 01 сәуір – 19 сәуір аралығында өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілгенін атап өтті. Мектептің өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыруға сөзді мектеп директорының м.а. М.Ә.Байғазыға берді.

СӨЙЛЕУШІ:

М.Ә.Байғазы -өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы, мектеп директорының м.а.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығының 2- тарау 3-тармағының 1,2- тармақшаларына сәйкес Елек негізгі орта мектебінің кезектен тыс өткізілген №4 педагогикалық кеңесінің шешімімен 2024 жылдың 01сәуірден – 19 сәуір аралығы өзін-өзі бағалау кезеңі деп танылып, өзін-өзі бағалау жүргізу үшін жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес комиссия құрамы бекітіліп, комиссия мүшелері арасына тапсырмалар бөлініп берілді. Өзін-өзі бағалау кезінде білім беру қызметіндегі нормативтік –құқықтық актілермен жеке қолданыстағы құқықтық актілер зерделенді. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «қанағаттанарлық» деген қорытынды берілді. (слайдпен бағалау парағы көрсетілді) Мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау барысында педагог кадрлардың тиісті бейінін анықтайтын құжаттарының үлесі, біліктілік санаттары бойынша үлес пайызы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі, мемлекеттік тіркеу тізіліміне сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуымыз, оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз

етуіміз сәйкестігі бағаланды. Мектеп педагогтары мен 4,9 класс білім алушыларының ата-аналарынан және мектеп алды дайырлық класының тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне ата-аналардың пікірін білу үшін, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейін анықтау үшін педагогтерден офлайн сауалнамалар алынды. Сонымен қатар, білім, білік және дағды сапасын бағалау үшін 4,9 класс оқушыларынан офлайн форматында тест алынды. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес жоғарыдағы көрсетілген мазмұнда бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «қанағаттанарлық» деген қорытынды берілді. (слайдпен бағалау парағы көрсетілді).

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Н.Амангелдіқызы мектеп қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарына қанағаттанатынын, мектепте соңғы үлгідегі интерактивті тақтаның біреуі аз екендігін сөз етті.

Мектеп директорының м.а.М.Ә.Байғазыға қойылған ескертулер бойынша С.Н.Каналинге қазіргі таңда 2023 жылдың білім бөлімінің бюджетінен мектепке СТЕМ кабинеті берілді, ал 2024 жылдың бюджетінен сондай тағы бір кабинет жоспарланып отырғанын айтты.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы С.Н.Каналин өзін-өзі бағалау жұмыстарының берілген қорытындысын қолдайтындығын, мектептің жылу қазандығын жөндеуден өткізу керектігін атап өтті.

Мектеп директорының м.а. М.Ә.Байғазы айтылған мәселелер күн тәртібінде тұрғандығын айтып өтті

Күн тәртібіне қойылған мәселе тыңдалып, талқыланып


ШЕШІМ ЕТТІ:


1. Мектеп басшысының м.а. өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері «қанағаттанарлық» деп бағалансын.
2. Елек негізгі орта мектебінің өзін-өзі бағалау жұмысының қорытынды анықтамасы мектептің интернет-ресурсына салынып жариялансын.
3. Қамқоршылық кеңесінің шешімі де мектептің интернет-ресурсына жариялансын.


Кеңес төрағасы:  С.Н.Каналин

Хатшы:  З.Г.Калиева

Кеңес мүшелері:  А.К.Уразова

 Н.Амангелдіқызы

 Ж.У.Упшинбаева

 М.Кумекбаева

 Ұ.С.Тұрмаганбетова